

**Бектурова Мадина Болатовна «8D01721 – Шетел тілі педагогтарын даярлау»
білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы PhD ғылыми
дәрежесін алу үшін «Цифрландыру жағдайында болашақ шетел тілі
педагогтарының академиялық жазу құзыреттілігін қалыптастырудың
ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне
АНДАТПА**

Ғылыми зерттеу жұмысының өзектілігі. Жаһандану және цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында ғылыми коммуникация ерекше өзекті болуда. Оны табысты жүзеге асырудың негізгі шарттарының бірі – жаңа білім мен ғылыми идеяларды жеткізудің негізгі құралы болып табылатын академиялық жазу. Ағылшын тілінде оқытуға көшу және білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында академиялық жазу құзыреттілігін дамыту ерекше маңызға ие, бұл өз кезегінде болашақ шетел тілі педагогтарын дайындау сапасы мәселесіне назар аударады.

Бұл бағыттың өзектілігі оның Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен Қазақстан Республикасындағы ғылымды дамытудың 2023–2025 жылдарға арналған басым бағыттарына сәйкестігімен де айқындалады. Академиялық жазу саласындағы зерттеулер «Білім және ғылымдағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардағы зерттеулер», сондай-ақ, «Ақпараттық, коммуникациялық және ғарыштық технологиялар» салаларымен байланысты, өйткені ол ағылшын тілінде оқытуға көшу және оқу үдерісіне цифрлық технологияларды енгізу жағдайында педагогикалық кадрларды даярлауды жаңғырту, сыни ойлауды, академиялық сауаттылық пен ғылыми коммуникацияны дамыту мәселелерін қарастырады.

Академиялық жазу Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесіндегі негізгі құзыреттердің бірі ретінде танылған. ҚР Білім және ғылым министрінің 20 шілде 2022 жылғы №2 бұйрығының 4-тарау, 35-тармағының 6-тармақшасы бойынша, «...ғылыми зерттеу және академиялық жазу әдістерін білу және оларды оқытылатын салада қолдану...» Дублин дескрипторларына сәйкес бакалавриат студенттерінің дайындық деңгейіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл ережеде студенттердің ғылыми және академиялық құзыреттілігін дамыту білім беру процесінің қосымша емес, міндетті құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатыны атап көрсетілген. Сонымен қатар, жоғарыда аталған стандартқа өзгерістер енгізілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 4 наурыздағы № 90 бұйрығында, әсіресе цифрландыру және инновациялық даму жағдайында жоғары білімнің барлық деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларына *ғылыми танымның заманауи әдістерін енгізу* қажеттігін атап өтті. Бұл тәсіл Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 466 «Ғылыми бағыттар жіктеуішінің бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген «50302 – Ғылыми пәндерді оқыту» бағытына да сәйкес келеді. Осылайша, ғылыми зерттеу

әдістерін білу және қолдану болашақ мамандардың табысты кәсіби және академиялық дамуының ажырамас шартына айналады және оларды қалыптастыру бакалавр деңгейінен басталуы керек. Бұл ғылыми ойды білдіру үлгісі және зерттеу қызметінің тиімділігі ретінде академиялық жазуды дамытуға бағытталған ғылыми-әдістемелік зерттеулердің өзектілігі мен сұранысын атап көрсетеді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында тұрақты дамудың негізгі факторлары ретінде цифрландыру мен инновацияларды ендірудің стратегиялық маңыздылығы атап көрсетілген. IT мамандарын даярлауға, ЖИ-ді дамытуға және ЖОО-ның ғылыми генерация мен кадрлар даярлау орталықтары ретіндегі рөліне ерекше көңіл бөлінеді. Осы тұрғыда академиялық жазу жоғары білімнің цифрлық трансформациясы жағдайында болашақ мамандардың кәсіби даярлығы мен ғылыми мәдениетінің деңгейін көрсететін ғылыми коммуникация құралы ретінде ерекше маңызға ие болады. 2023–2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация Тұжырымдамасына сәйкес, заманауи тәсілдер мен оқыту әдістерін белсенді енгізуді, сондай-ақ, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытуды және киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейтін платформа негізіндегі цифрландыру моделіне көшу қажеттілігі атап өтілді.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы №591 бұйрығына сәйкес «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын бекіту туралы», профессор-оқытушылар құрамының қызметінің негізгі мақсаты – *«жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында академиялық, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және қоғамдық қызметті жүзеге асыру»* болып табылады. Осы мақсат аясында келесі еңбек функциялары айқындалған: *«білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету»* және *«жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің макропроцестерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету»*. Аталған екі бағытта академиялық жазу мен ғылыми зерттеу әдістерін жоғары деңгейде меңгеруді талап етеді. Академиялық жазу - ғылыми коммуникацияның, жарияланымдық белсенділіктің және сыни ойлаудың негізі болып табылады, ал зерттеу әдістерін білу ғылыми жұмыстар жүргізу, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оқу үдерісін әдістемелік сүйемелдеу үшін қажет.

Біздің зерттеулеріміз қазіргі заңнамалық және нормативті ережелермен белгіленген жағдайларда, болашақ педагогтарда академиялық жазу құзыреттілігін дамыту ерекше мәнге ие болатынын және олардың кәсіби дамуының негізгі құрамдас бөлігі болатынын растайды. Бұл білім беру ортасының өзгерістеріне тиімді бейімделіп қана қоймай, ғылыми-зерттеу және әдістемелік қызметке белсенді қатыса алатын мамандарды даярлау қажеттілігінен туындап отыр.

Зерттеу объектісі: болашақ шетел тілі педагогтарын даярлаудың оқу-тәжірибе үдерісі.

Зерттеу пәні: Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, 7M01711 – Шетел тілі педагогтарын даярлау білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың академиялық жазу құзыреттілігін қалыптастыру әдістері.

Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты: Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, болашақ шетел тілі педагогтарының академиялық жазу құзыреттілігін дамыту әдістемесінің тиімділігін теориялық негіздеу, практикалық өңдеу және эксперименталды түрде дәлелдеу.

Ғылыми зерттеу жұмысының гипотезасы: Академиялық жазу құзыреттілігін қалыптастыру тиімді болады, егер:

- шетелдік және отандық зерттеулерді зерделеу мен салыстырмалы талдау арқылы академиялық жазу құзыреттілігінің мәні, оның құрамдас бөліктері мен қалыптасу деңгейлері ашылып көрсетілсе;

- академиялық жазуды оқытудың тиімді әдістемесі мен моделі әзірленіп, оған академиялық жазудың негіздері мен ғылыми-зерттеу әдістері жаңа пән ретінде енгізілген цифрлық білім беру контенті қолданылса,

- онда тұлғаның кәсіби қызметінде академиялық жазу дағдыларын тиімді пайдалану қабілеті мен дайындық деңгейі қалыптасады, **өйткені** когнитивтік, құзыреттілік, мазмұндық-композициялық және үдерістік тәсілдер академиялық жазу құзыреттілігін цифрлық білім беру ортасының талаптарын ескере отырып кешенді әрі мақсатты түрде қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Диссертациялық зерттеу жұмысының міндеттері:

- академиялық жазу құзыреттілігінің мәні мен құрылымын ашу, шетелдік және отандық зерттеулерді зерделеу мен салыстырмалы талдау арқылы оның құрамдас компоненттерін анықтау, зерттеу мақсаттарына бейімделген академиялық жазу ұғымының нақты анықтамасын ұсыну;

- академиялық мәтінді ғылыми-кәсіби коммуникацияның негізгі бірлігі және академиялық жазу субқұзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін сапалық көрсеткіштер негізінде бағалау құралы ретінде қарастыру;

- академиялық жазу құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде цифрлық технологияларды қолданудың дидактикалық функциялары мен қағидаттарын анықтау;

- болашақ шетел тілі педагогтарының академиялық жазу құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделін әзірлеу және оны табысты іске асыруға арналған дидактикалық жағдайларды айқындау;

- әзірленген модель негізінде академиялық жазудың негіздері мен ғылыми-зерттеу әдістерін жаңа пән ретінде біріктіре отырып, академиялық жазу құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін оңтайландыратын цифрлық білім беру ресурстары кластерін қолдану арқылы цифрлық білім беру контентін жасау;

- Әзірленген модель (дайындалған үлгі) негізінде цифрлық білім беру контентін қолдана отырып, «Шетел тілі педагогтарын даярлау» БББ бойынша білім

алатын магистранттармен тәжірибелік-эксперименттік оқытуды жүргізу және оның тиімділігін дәлелдеу мақсатында апробациялау.

Зерттеу жұмысының негізгі идеясы: Болашақ шетел тілі педагогтарының академиялық жазу құзыреттілігін қалыптастыру ғылыми дискурстың негізгі бірлігі ретіндегі академиялық мәтіннің ерекшелігімен, ғылыми зерттеу әдістерімен синергиямен және цифрлық білім беру ресурстарын белсенді пайдалану арқылы оқу үдерісін интенсификациялаумен анықталады.

Зерттеудің методологиялық және теориялық негізі келесі мәселелер бойынша іргелі жұмыстарды қамтиды:

- кәсіби шетел тілін оқыту, атап айтқанда, шет тілдік ортада кәсіби коммуникативті құзыреттілік қалыптастырудың теориялық және қолданбалы тәсілдері: С.С.Кунанбаева; Т.А. Кульгильдинова, К.У. Кунакова, А.А. Головчун, А.А.Жайтапова, П.К.Елубаева, Н.Хомский, И.А.Зимняя, Ю.Г.Татур және т.б.;

- Қазақстандағы шетел тілді білім беруді цифрландыру және білім беру үдерісіне цифрлық технологияларды интеграциялау: А.Т. Чакликова; Г.К. Нургалиева; Д.М. Джусубалиева; Е.В. Артыкбаева, Мынбаева А.К., Тахмазов Р.Р. және т.б.;

- академиялық жазуды оқытудағы мазмұндық-композициялық және үдерістік тәсілдердің ғылыми-теориялық негіздері: А.Соу, В.Замел, А.Раймс, Дж.Эмиг, С.Линн, Т.Р.Джонсон, И.Леки, Н.Соммерс, Л. Флауэр, Дж. Хайз және т.б.;

- академиялық жазу: И.Б.Короткина, В.В.Левченко, Дж.Флауэрдью, С.Бэйли, Н.Мюррей, Е.В.Бакин, О.Л.Добрынина, Г.Исмагулова, К.Н.Булатбаева, С.З.Темиргалиева, Рузиева Э, Байгараева А., Е.Оспан, Дж.М.Суэйлз and К.Фик, У.Странк, И.Уайт және т.б.;

Ғылыми зерттеу жұмысының әдістері мен тәсілдері. *Теориялық:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік-құқықтық және оқу-бағдарламалық құжаттамаларын талдау; академиялық жазуға үйретудегі шетелдік педагогикалық тәсілдерге салыстырмалы талдау жасау; зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерге сыни талдау және шолу; гипотетикалық зерттеу әдісі. *Эмпирикалық:* ғылыми процесті бақылау және талдау; эксперименттік оқыту; Лайкерт шкаласы бар жартылай құрылымдалған сауалнамалар және SPSS нәтижелерін талдау (сипаттаушы статистика, атап айтқанда сауалнаманың дұрыстығын растау үшін Кронбах альфасын есептеу, медиана және стандартты ауытқуларды есептеу); экспериментке қатысушылардың ғылыми жұмыстарын сапалы талдау.

Ғылыми зерттеу жұмысының негізі: бақылау-эксперимент топтарының қатысушылары Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУнің 7М01711 «Шетел тілі педагогтарын даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша магистратураның екінші курстарының 102 студенті болды.

Бұл диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы төмендегідей:

- болашақ шетел тілі педагогтарын даярлау контексінде академиялық және цифрлық сауаттылық талаптарын ескере отырып, академиялық жазу ұғымына нақтылау енгізілді;

– педагогикалық бағыттағы магистранттар үшін маңызды академиялық жазу субқұзыреттіліктері айқындалып, олардың қалыптасу сапалық көрсеткіштері теориялық тұрғыда негізделді;

– құрылымдық компоненттерді, даму деңгейлері мен өзара байланыстарды қамтитын, цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға негізделген академиялық жазу құзыреттілігін қалыптастыру моделі әзірленді;

– академиялық жазуды цифрлық ортада тиімді оқыту әдістемесін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін цифрлық технологиялардың дидактикалық қағидаттары мен функциялары айқындалды;

– академиялық мәтін ғылыми-кәсіби коммуникацияның негізгі бірлігі, білім алушыларды ғылыми дискурсқа тартудың және олардың академиялық жазу құзыреттілігі деңгейін бағалаудың басты құралы ретінде теориялық тұрғыда негізделді.

Аталған диссертациялық жұмыстың **теориялық маңыздылығы** – академиялық және цифрлық сауаттылықты қамтитын жаңа сауаттылық концепциясы аясында академиялық жазу құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық аспектілеріне кеңейтілген талдау жүргізу, сондай-ақ академиялық жазу құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде қолданылатын цифрлық білім беру ресурстарының дидактикалық қағидаттары мен функцияларын айқындау арқылы оқу үдерісін интенсификациялауға ықпал етуінде.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы цифрлық білім беру мазмұны форматында цифрлық технологияларды қолдану арқылы күшейтілген академиялық жазуды қалыптастырудың тиімділігін арттыру үшін оқу процесінде қолдануға болатын ғылыми зерттеу әдістері мен академиялық жазу негіздерінің синтезі болып табылатын «Integrated Academic Writing» бірыңғай практикалық бағдарламасын әзірлеуде жатыр.

Қорғауға келесі қағидалар ұсынылады:

– Академиялық жазу құзыреттілігі – бұл болашақ шетел тілі педагогтарды даярлаудың интегративті сипаттамасы болып табылады. Ол өз құрылымында бөлінген субқұзыреттіліктердің (металингвистикалық, жазбаша дискурстық, коммуникативтік-зерттеушілік және цифрлық) біртұтастығымен көрініс табады. Бұл құзыреттілікті қалыптастыру когнитивтік, құзыреттілікке негізделген, үдерістік және мазмұндық-композициялық тәсілдерге сүйенеді;

– Болашақ шетел тілі педагогтарының академиялық жазу құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі арнайы әзірленген әдістемелік модельді жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл модель төрт блоктан тұратын құрылым ретінде ұсынылған: мақсатты, теориялық-әдіснамалық, мазмұндық-үдерістік және бағалау-нәтиже блогы. Сондай-ақ контекстуалдылық, рефлексиялылық, жекелендіру, интерактивтілік қағидаттарын сақтау және цифрлық білім беру контентін шетел

тіліне негізделген кәсіби даярлық аясында тиімді қолдану арқылы кәсіби қызметке даярлықтың тиімділігін қамтамасыз етеді;

– Академиялық мәтін – ғылыми және кәсіби коммуникацияның негізгі бірлігі және академиялық жазудың әрбір ішкі құзыреттіліктерінің даму деңгейін анықтайтын сапалық көрсеткіштер негізінде академиялық жазу құзыреттілігінің даму деңгейін бағалау құралы болып табылады;

– Цифрлық білім беру ресурстарының кластерінде цифрлық білім беру мазмұны арқылы жүзеге асырылатын «Integrated Academic Writing» бірыңғай практикалық бағдарламасы когнитивті-дайындық, композициялық-аналитикалық және трансформациялық-интегративті кезеңдері арқылы академиялық жазу құзыреттілігін тиімді және жүйелі түрде дамытуды қамтамасыз етеді.

Негізгі ережелерді тестілеу және зерттеу нәтижелерін енгізу. Жұмыстың мазмұны 13 жарияланымда, оның ішінде Scopus және WoS деректер базасында Education категориясында индекстелген Q1,Q2,Q3 ғылыми журналдарда – 6, FЖБСҚК (КОКСОН) ҚР ұсынған жарияланымдарда – 4 көрсетілген:

1. Predicting Kazakhstani TEFL students' continuance intention towards using ChatGPT in academic writing. // Education and Information Technologies. – V.30(19). - 2025. *Автордың үлесі:* Зерттеу идеясы, теориялық моделін әзірлеу, деректерді жинау және талдау, мақаланы жазу (бірінші автор).

2. Digital tools and academic writing: a moderated mediation model of writing self-efficacy. // Journal of Teaching English for Specific and Academic Purposes. – V.12(3). – 2024. *Автордың үлесі:* Гипотезаны құрастыру, сауалнаманы әзірлеу, статистикалық талдау, мақала жазу және редакциялау (бірінші автор).

3. Perceptions of digital competence in learning and teaching English in the context of online education. // Contemporary Educational Technology. - 2023. *Автордың үлесі:* Зерттеу құралдарын әзірлеуге, нәтижелерді түсіндіруге, талқылауға және қорытынды жасауға қатысу (үшінші автор).

4. Investigating English medium instruction provision in a Kazakhstani university: the ideals and realities of EMI learning. // Journal of Teaching English for Specific and Academic Purposes. – Volume 12(2). – 2024. *Автордың үлесі:* Құрал-саймандарды әзірлеу, мәліметтер жинауға қатысу, мақаланың бірлескен авторлығы (екінші автор).

5. Enriching Experiences: Unpacking Kazakhstani EFL Teachers' Attitudes and Readiness for Intercultural Approach. // Sakrawala Pendidikan. – V.44(1). – 2025. *Автордың үлесі:* Деректерді талдау, нәтижелерді түсіндіру, мақаланың бір бөлігін дайындау (үшінші автор).

6. Examining Multimodal Literacy Skills Among EMI Teachers in Kazakhstan. // International Journal of Cognitive Research in Science, Engineering and Education (IJCRSEE). – Volume 13(1). – 2025. *Автордың үлесі:* Деректерді талдау, нәтижелерді түсіндіру, мақаланың бір бөлігін дайындау (бірінші автор).

7. The impact of social and affective factors on the formation of academic writing competence among future EFL teachers //

«ҚР ҰҒА хабаршысы» ғылыми журналы. – 2022. – Том 55. - №399. – с.33-47. - *Автордың үлесі:* Өз бетінше зерттеу жүргізді, мәліметтерді талдады, мақаланы жазды және форматтады (бірінші автор).

8. Основные проблемы формирования компетенции академического письма у будущих педагогов иностранного языка // ҚазХҚжӘТУ хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2023. –№1(68). – с.221-235. - *Автордың үлесі:* Толық авторлық үлес: проблемалық мәлімдеме, әдебиеттерге шолу, зерттеу нәтижелері мен қорытындылар (жалғыз автор).

9. The development of academic writing competence through the instruction of formulaic sequences // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы.. – 2023. – №1(77). – с.94-100. *Автордың үлесі:* Тұжырымдаманы әзірлеу, экспериментті орындау, нәтижелерді түсіндіру, мақала жазу (бірінші автор).

10. English as a medium of instruction in higher education: an overview of academic policies in Kazakhstani universities // ҚазХҚжӘТУ хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2024. - № 1(72). – с.182-198. *Автордың үлесі:* мәліметтер жинау, талқылауға қатысу және қорытындыларды құрастыру, әдістемені жазу (үшінші автор),

және халықаралық ғылыми конференция материалдарында – 2, ҚР ғылыми журналдарында – 1 мақала.

Диссертацияның көлемі және құрылымы. Диссертация нормативтік сілтемелерден, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.